

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ 2025 жылы мемлекеттердің пайдасына жасаған төлемдері бойынша есебі

Кіріспе

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (ҚМГ, Компания) үздік халықаралық тәжірибелерге сай болу мақсатында ҚМГ мен оның еншілес компанияларының 2025 жылы мемлекеттердің пайдасына жасаған төлемдеріне жалпы шолу болып табылатын есепті жариялайды.

Бұл есеп 2014 жылғы Ұлыбританияның Мемлекеттердің пайдасына төлемдер жөніндегі есептер туралы қағидаларына (2015 жылғы желтоқсанда енгізілген өзгерістермен) сәйкес әзірленді. Аталған Қағидалар өзгерістер мен толықтырулары бар 2013 жылғы Есептілік туралы директиваның «Мемлекеттер пайдасына төлемдер жөніндегі есептер туралы» актісінің 10-тарауының талаптарына негізделген. Осы Қағидаларға сәйкес Ұлыбританияда тіркелген мұнай, газ, тау-кен және ағаш дайындау саласындағы компаниялар жыл сайын елдер мен жобалар бөлінісінде мемлекеттер пайдасына жасаған төлемдері туралы ақпаратты ашуға тиіс.

Компания туралы

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ — Қазақстанның вертикалды интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы. ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, өңдеуге және мамандандырылған қызметтер көрсетуге дейінгі бүкіл өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. Компания 2002 жылы құрылған, еліміздің мұнай-газ саласында Қазақстанның мүддесін қорғайды.

2025 жылдың соңындағы жағдай бойынша ҚМГ акционерлері – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (Қор) (67,42%), Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (20%), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (9,58%). Сондай-ақ акциялардың 3% еркін айналымда.

2025 жылдың қорытындысы бойынша Компания Қазақстанда мұнай өндіру, тасымалдау және өңдеу көлемі бойынша жетекші орнын сақтап қалды.

ҚМГ өз қызметінің табиғи ресурстарды пайдаланумен тікелей байланысты екенін ескере отырып, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қолайлы қоршаған ортаны сақтау үшін қоғам алдындағы жауапкершілігін мойындайды.

Есеп беретін компаниялар

Бұл есеп Компанияның және оның еншілес әрі тәуелді ұйымдарының (ЕТҰ) мемлекеттер пайдасына жүргізген аударымдары туралы ақпаратты қамтиды.

Есепті кезең және есептің шекаралары

Есепті кезең – 2025 жыл.

Есептілік жүйесін пайдалану мемлекеттер пайдасына жүргізілген аударымдар бойынша ақпаратты көрсетуге мүмкіндік береді. Ол Компанияның мемлекеттерге жасаған төлемдерінің ашықтығын арттыруға, өндіруші компаниялардың сектордан түсетін кірістер мәселесіндегі жауапкершілігін күшейтуге, компанияның өңірлердегі қызметі туралы ақпаратты тұрғындар арасында тарату деңгейін арттыруға бағытталған, сондай-ақ Компания есептерін мұнай-газ саласындағы жетекші халықаралық компаниялардың есептерімен салыстыруға мүмкіндік береді.

Компания ақпаратты жария етудің ең үздік тәжірибелеріне сай мемлекеттердің пайдасына жүргізілген аударымдар бойынша осы есепті жариялайды. Есеп аясында Компанияның және оның көмірсутектерді өндіру, тасымалдау мен өңдеу саласындағы, сондай-ақ мұнайсервистік қызмет көрсететін еншілес ұйымдарының қызметі қаралады.

Үкімет

Есептің мақсаттары үшін «Үкімет» термині жарнаны немесе төлемді төлеу мерзімі басталған кезде қолданыста болатын заңнамаға сәйкес салықты, бюджеттік және өзге де төлемдерді жинауға уәкілетті кез келген билік органына қатысты пайдаланылады. Осы Есеп мәтінінде «үкіметтер» деген ұғымға мемлекет пайдасына салықтарды, алымдарды және басқа да төлемдерді алуға уәкілеттік берілген ұйымдар, коммерциялық кәсіпорындар және басқа да заңды тұлғалар да кіреді.

Компаниялар

Бұл есепте компаниялар деп ақшалай аударымдары бойынша мәліметтері қамтылған компаниялар түсініледі.

Мемлекет пайдасына аударымдар

Ақпарат төменде келтірілген төлем түрлері бойынша ұсынылған:

Салықтар

Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықты қоспағанда, барлық салықтар.

ПҚӨС

Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық жер қойнауын пайдаланушының өндірілетін минералдық шикізаттың, мұнайдың, жерасты суларының және емдік балшықтардың әрбір түрі бойынша жеке-жеке төлейтін міндетті төлемі болып табылады.

Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық салу объектісі жер қойнауын пайдаланушы салық кезеңінде өндірген шикі мұнайдың, газ конденсатының және табиғи газдың нақты көлемі болып табылады.

Қол қойылатын бонус

Қол қойылатын бонус жер қойнауын пайдаланушының келісімшарттық аумақта (жер қойнауы учаскесінде) жер қойнауын пайдалану құқығын иеленгені үшін, сондай-ақ келісімшарттық аумақты (жер қойнауы учаскесінде) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кеңейткен кездегі біржолғы тіркелген төлемі болып табылады.

Өзге төлемдер

Өзге төлемдер экспорттық кеден бажын қоса алғанда, мемлекеттерге жасалатын барлық қалған төлемді қамтиды.

Валюта

Есеп Компанияның функционалдық валютасы және қаржылық есептілікті ұсыну валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен берілген. Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда операция жасалған күндегі қолданыстағы бағам бойынша функционалдық валютада есепке алынады. Шетел валютасымен көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есепті күндегі қолданыстағы функционалдық валюта бағамы бойынша қайта есептеледі.

Байланыс деректері

Бұл есеп және Компанияның қызметі туралы қосымша ақпарат корпоративтік веб-сайтта жарияланған: www.kmg.kz.

Бұл есепте ұсынылған ақпаратқа қатысты сұрақтарыңызды мына мекен-жайға жолдауға болады: Z05H9E8, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қонаев к-сі, 8, Инвесторлармен жұмыс басқармасы.

Тел. +7 7172 78 63 43

E-mail: ir@kmg.kz

Мемлекеттер мен компаниялар бойынша 2025 жылғы есеп (мың теңге)

Мемлекет	Салықтар	Пайдалы қазбаларды өндіру салығы (ПҚӨС)	Қол қойылатын бонус	Өзгелері	Жиынтығы
Қазақстан	1 066 856 381	41 607 130	2 949	133 621 318	1 242 087 778
«Өзенмұнайгаз» АҚ	116 417 808	13 148 296	-	64 031 766	193 597 870
«ПМХЗ» ЖШС	192 567 255	-	-	1 399 475	193 966 730
«АМӨЗ» ЖШС	195 601 104	-	-	906 677	196 507 781
«Ембімұнайгаз» АҚ	69 148 185	24 243 036	2 359	32 936 351	126 329 931
ҚМГ Қарашығанақ	46 224 595	-	-	1 504 963	47 729 558
«ҚМГ Қашаған Б.В.» ЖШЖК	138 409 890	-	-	15 656 503	154 066 393
«ҚазТрансОйл» АҚ	49 127 045	1 568	-	193 017	49 321 630
Басқалар	259 360 499	4 214 230	590	16 992 566	280 567 885
Румыния	1 151 039 969	-	-	14 006 036	1 165 046 004
KMG International N.V.	1 151 039 969	-	-	14 006 036	1 165 046 004
Болгария	55 181 706	-	-	50 567	55 232 273
KMG International N.V.	55 181 706	-	-	50 567	55 232 273
Молдова	119 634 910	-	-	2 439 209	122 074 120
KMG International N.V.	119 634 910	-	-	2 439 209	122 074 120
Грузия	47 440 774	-	-	-	47 440 774
KMG International N.V.	45 226 249	-	-	-	45 226 249
Batumi Oil Terminal LLC	2 214 525	-	-	-	2 214 525
Швейцария	4 343 555	-	-	49 524	4 393 079
KMG International N.V.	4 343 555	-	-	49 524	4 393 079
Нидерланды	23 953 106	-	-	-	23 953 106
KMG International N.V.	(236 153)	-	-	-	(236 153)
Cooperative KazMunaiGaz U.A.	9 533 717	-	-	-	9 533 717
Cooperative KMG EP U.A.	12 040 651	-	-	-	12 040 651
Басқалар	2 614 891	-	-	-	2 614 891
Ұлыбритания	1 653 595	-	-	-	1 653 595
Kazmortransflot UK LTD	1 653 595	-	-	-	1 653 595
Әзербайжан	19 132	-	-	35 541	54 673
«KMG Drilling & Services» ЖШС филиалы	19 132	-	-	35 541	54 673
Ресей Федерациясы	10 605 185	-	-	2 184 007	12 789 192
КҚК-Р	10 601 486	-	-	-	10 601 486
Басқалар	3 699	-	-	2 184 007	2 187 706
Германия	2 023 725	-	-	-	2 023 725
Dunga Operating GmbH	2 023 725	-	-	-	2 023 725
Түрікменстан	9 431	-	-	4 243	13 674
«KMG Drilling & Services» ЖШС филиалы	9 431	-	-	4 243	13 674
БАРЛЫҒЫ	2 482 761 469	41 607 130	2 949	152 390 446	2 676 761 994

2025 жылы мемлекеттерге жүргізілген аударымдар бойынша есеп (мың теңге)

Мемлекет	Салықтар	Пайдалы қазбаларды өндіру салығы (ПҚӨС)	Қол қойылатын бонус	Өзгелері	Жиынтығы
Қазақстан	1 066 856 381	41 607 130	2 949	133 621 318	1 242 087 778
Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры	251 426 983	41 607 130	2 949	3 825 366	296 862 428
Қазақстан Республикасының республикалық бюджеті	320 218 315	-	-	123 606 996	443 825 311
Қазақстан Республикасының жергілікті бюджеттері	495 211 083	-	-	6 188 956	501 400 039
Румыния	1 151 039 968	-	-	14 006 036	1 165 046 004
Мемлекет бюджеті	1 111 734 758	-	-	14 006 036	1 125 740 794
Мемлекеттің әлеуметтік сақтандыру бюджеті	37 821 562	-	-	0	37 821 562
Әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеті	1 483 648	-	-	0	1 483 648
Болгария	55 181 706	-	-	50 567	55 232 273
Мемлекет бюджеті	54 753 711	-	-	0	54 753 711
Мемлекеттің әлеуметтік сақтандыру бюджеті	367 002	-	-	0	367 002
Әкімшілік-аумақтық бірліктердің орталықтандырылған бюджет	60 993	-	-	50 567	111 560
Молдова	119 634 911	-	-	2 439 209	122 074 120
Мемлекет бюджеті	116 742 161	-	-	-	116 742 161
Мемлекеттің әлеуметтік сақтандыру бюджеті	2 892 228	-	-	-	2 892 228
Әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеті	521	-	-	2 439 209	2 439 731
Грузия	47 440 774	-	-	-	47 440 774
Мемлекет бюджеті	46 531 609	-	-	-	46 531 609
Жекеменшік зейнетақы қоры	909 165	-	-	-	909 165
Әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеті	-	-	-	-	-
Швейцария	4 343 555	-	-	49 524	4 393 079
Федералды бюджет	4 343 555	-	-	49 524	4 393 079
Кантондық бюджет	-	-	-	-	-
Муниципалды бюджет	-	-	-	-	-
Жекеменшік мекемелердің бюджеті (федералды заңмен реттеледі)	-	-	-	-	-
Нидерланд	23 953 106	-	-	-	23 953 106
Мемлекеттік бюджет	23 519 422	-	-	-	23 519 422
Мемлекеттік емес зейнетақы қоры	266 389	-	-	-	266 389
Әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеті	167 294	-	-	-	167 294
Ұлыбритания	1 653 595	-	-	-	1 653 595
Мәртебелінің кірістері мен кедендік алымдары	1 653 595	-	-	-	1 653 595
Әзербайжан	19 132	-	-	35 541	54 673
Ортақ мемлекеттік бюджет	19 132	-	-	35 541	54 673

Ресей Федерациясы	10 605 185	-	-	2 184 007	12 789 192
Федералды бюджет	10 605 185	-	-	2 184 007	12 789 192
Субъектілер бюджеттері	-	-	-	-	-
Жергілікті бюджеттер	-	-	-	-	-
Германия	2 023 725	-	-	-	2 023 725
Федералды бюджет	2 023 725	-	-	-	2 023 725
Түрікменстан	9 431	-	-	4 243	13 674
Мемлекеттік бюджет	-	-	-	-	-
Орталықтандырылған бюджет	1 330	-	-	-	1 330
Жергілікті бюджеттер	8 101	-	-	4 243	12 344
БАРЛЫҒЫ:	2 482 761 469	41 607 130	2 949	152 390 446	2 676 761 994

OECD (BEPS Action 13 Country-by-Country reporting) және GRI 207: Тах талаптарына сәйкес мемлекеттер бойынша 2025 жылғы есеп (мың теңге)

Салық юрисдикциясы	Қызметкерлер саны*	Үшінші тұлғалармен жасалған мәмілелер бойынша кіріс сомасы	Байланысты тараптармен жасалған мәмілелер бойынша кіріс сомасы және топшілік транзакциялар	Салық салынғанға дейінгі пайда / шығын сомасы	Материалдық емес активтерді, сондай-ақ ақша қаражаты мен олардың баламаларын қоспағанда, активтер жиынтығы	Төленген пайда салығының сомасы (ақша қаражатының қозғалысы туралы есептегі кассалық әдіс)	Есептелген пайда салығының сомасы, КТС бойынша сома	Жарғы капиталы	Жиналған пайда / шығын
Қазақстан	40,580	2 639 864 106	2 399 535 937	1 840 101 229	8 005 744 687	248 767 079	(256 082 448)	2 832 979 160	8 753 111 796
Нидерланд	20	-	-	634 701 770	147 054	20 981 477	(4 681 931)	6 803 455 426	112 609 173
Румыния	3,425	2 452 775 082	1 780 374 058	101 956 361	787 265 200	8 607 490	(11 429 672)	712 704 678	(621 747 478)
Болгария	73	130 236 806	-	(282 188)	19 666 700	-	-	19 971 311	(26 849 842)
Молдова	1,094	340 685 674	-	5 006 151	9 894 150	677 361	(653 053)	779 835	22 594 790
Грузия	2,042	116 851 435	6 872 430	15 281 781	93 516 225	1 564	-	3 480 109	46 364 124
Ұлыбритания	7	130 849	1 848 565	34 928	114 688	101 134	(8 862)	16 682	900 302
Араб Әмірліктері	8	13 805 853	505 149	979 813	22 416	-	-	30 729 675	(28 890 624)
Түркия	3	9 252	-	(196 960)	999 641	-	-	2 933 051	(3 657 586)
Маршалл аралдары	2	8 675 120	84 243 696	12 990 003	25 129 749	-	-	1 043	31 860 382
Әзербайжан	2	-	-	-	498	-	-	-	(11 039 731)
Мэн аралы	1	(62 557)	2 016 948	588 559	-	-	-	1 564	4 723 590
Бермуд аралдары	10	6 795 276	-	2 029 460	22 416	4 692	(7 820)	62 557	14 190 580
Ливия	2	464 462	-	65 980	-	-	-	-	-
Швейцария	20	4 264 409 256	1 699 634 899	19 762 548	42 660	3 427 407	(3 178 158)	456 355	77 502 380
Германия	-	-	-	1 430 996	-	2 023 725	(2 023 725)	129 163 936	49 945 147
Түрікменстан	9	-	-	-	7 031 829	665	-	-	(184 047)
Барлығы:	47,298	9 974 640 613	5 975 031 683	2 634 450 429	8 949 597 913	284 592 594	(278 065 670)	10 536 735 383	8 421 432 956

* Елдік есепте, оның ішінде дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу бір және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ҚМГ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі ҚМГ еншілес және тәуелді ұйымдарының есептілік шекарасына кірмейтін ҚМГ Тобы компанияларының, сондай-ақ ҚМГ қызметін бақылауға құқылы заңды тұлғалардың саны көрсетілген.